

«Алматыкітап баспасы» қазіргі кезде оқу-әдістемелік кешендерді шығаратын қазақстандық үш ірі кәсіпорынның бірі. Балалар әдебиетін шығаратын баспалардың көшбасшысы ретінде заманауи жаңа оқулықтар мен руханият саласындағы таңдаулы кітаптарды қазақша дайындауда

3 бет

Какие высшие учебные заведения страны считаются лучшими, а какие вошли в список аутсайдеров? Министерство образования и науки Республики Казахстан подвело итоги рейтинга казахстанских вузов за 2021 год

стр. 7

Жас ұрпақтың дүниетанымдық көзқарастарына аяусыз шабуылдар жасалуына жол берілгендіктен фонограммамен ән айтып, халқын тонап жүрген әншісімақтардың өмірі бүкіл ақпарат құралдарында жарияланып, жастарға үлгі ретінде ұдайы көрсетілуде

18 бет

# БІЛІМДІ ЕЛ

## ОБРАЗОВАННАЯ СТРАНА

Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті

№6(308)

сейсенбі

8 ақпан 2022

Басылым 2014 ж. маусымның 17-сінен бастап жарық көреді

Газет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық қолдауымен шығады



primeminister.kz

## Білім сапасына сырттай бағалау енгізіледі

**ҚР Премьер-Министрі Әлихан СМАЙЫЛОВТЫҢ төрағалығымен өткен аптаның сейсенбі күні ұйымдастырылған Үкімет отырысында отандық білім және ғылым жүйесін дамыту бойынша кешенді жоспарлар қаралды. Білім және ғылым министрлігі қандай реформаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырғаны туралы Білім және ғылым министрі Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ баяндама жасаған болатын.**

– Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев білім және ғылым жүйесін дамыту бойынша жаңа мақсаттар мен міндеттер қойды. Президенттің тапсырмалары шеңберінде біз кешенді шараларды әзірлеп, жуырда министрліктің алқа отырысында талқылау өткіздік. Білім саласының негізгі бағыттарына қысқаша тоқталсам, ең алдымен айтарым үш жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту қазіргі кезде 99 пайызға жетті. Ендігі кезекте біздің алдымызда балабақшалардың бағдар-

ламаларының мазмұны мен оқыту әдістемесін жақсарту және оларға деген талаптарды күшейтіп, жалпы сапасын арттыру міндеттері тұр, – деді сөз алған еліміздің бас педагогі. – Ол үшін: біріншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделі қабылданды. Оны биылғы іске асырамыз. Осыған дейін кішкентай балаларға мектептегі сияқты кестеге сәйкес 20 минуттық сабақтар жүргізіліп келген болса, енді жаңа модель бойынша педагог оқыту мен тәрбиелеуді баланың бақшаға келген тұсынан бастап,

осы жастағы балалардың физиологиялық және психологиялық қажеттіліктері бойынша ойын және коммуникациялар арқылы арнайы әдістемемен іске асыратын болады. Шетелдік тәжірибелердің зерттеулері де осы әдістеменің маңыздылығын көрсетіп отыр.

Асхат Қанатұлының мәлімдеуінше, балабақшалардың сапасын қамтамасыз ету үшін оларға деген талаптар күшейтіледі. Яғни материалдық-техникалық база, бейнебақылау жүйесі, педагогтердің біліктілігі, санитариялық, өртке қарсы нормаларға сәйкестігі, мемлекеттік тапсырысты берудің басты талаптары болады.


Білім және ғылым министрінің айтуынша, жекеменшік балабақшалардан да балаларға қолайлы жағдай жасау талап етіледі. Үшіншіден, балабақшалардағы орындарды бөлу кезіндегі ашықтықты қамтамасыз ету үшін, облыстардағы электронды кезектер-

дің бәрі енді республика бойынша бірыңғай базаға еніп, біріктірілетін болады. Орта білім деңгейі бойынша айтқанда 2016 жылдан бастап мектептер жаңартылған мазмұнға көшті. Дегенмен, оң өзгерістермен қатар бағдарламалардың кейбір тұстары бойынша мұғалімдерден, қоғам тарапынан біраз орынды сындар айтылды.

– Сондықтан функционалды сауаттылыққа бағытталған басты принципті сақтай отырып, негізгі пәндер бойынша бағдарламаларды жаңартатын боламыз. Бұл биылғы жылдың ең маңызды әрі ауқымды жұмысы болары сөзсіз. Академиялық біліммен бірге оқушыларға өмірлік маңызы зор дағдыларды игертуге бағытталған «Жаһандық құзыреттіліктер» таңдау курсы ұсынылатын болады. Президентіміз техникалық бағыттағы мамандықтарды дамыту бойынша тапсырма берді. Оны орындау үшін математикалық білімнің сапа-

сын арттыру қажет. Ол үшін оқу бағдарламаларын, әдістемелік құралдарды, оқулықтарды жаңартамыз, математиканы топтарға бөліп оқитуды қолға аламыз, – деді салалық ведомствоның жетекшісі. – Балаларды еңбекке дайындау үшін ерте кәсіптік бағдарлауға баса назар аударылады, тиісті бағдарламаны өзгертіп, оқу-өндірістік комбинаттардың қызметін жаңғыртамыз. Орта білім берудің сапасын бағалау үшін қорытынды аттестаттау және бақылау қағидалары жетілдірілетін болады. «Алтын белгіге» үміткерлерге қойылатын талаптар да күшейтіледі. Биылдан бастап білім беру сапасына сырттай бағалау толығымен енгізіледі. Мемлекеттік аттестаттау рәсімі қайтарылып, профилактикалық бақылау түрінде балабақша, мектеп, колледждеңгейлері үшін өткізіледі. Заңға қажетті өзгерістер енгізілді.

(Жалғасы 4-бетте)



«Қазпошта» АҚ барлық бөлімдерінде «Білімді ел – Образованная страна» газетіне 2022 жылға кез келген айдан жазылуға болады.

Во всех отделениях АО «Казпочта» можно с любого месяца подписаться на газету «Білімді ел – Образованная страна» на 2022 год.

сайтымыз : [www.bilimdineews.kz](http://www.bilimdineews.kz)

email: [bilimdi\\_el@mail.ru](mailto:bilimdi_el@mail.ru)

тел.: 8(7172) 254-770, 8(708)425-47-70, 8(701)512-42-50, 8(708)425-63-40

Информационный партнер – Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева



